

2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы № 59 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 ақпанда № 14-11-184 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 2402 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2012.08.08 № 2402 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Сарыағаш ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Тілеуовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж.Әлсеитов

Сарыағаш

ауданы

әкімдігінің

2012

жылғы

27

қаңтардағы

№ 59 қаулысына қосымша

Сарыағаш ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері

--	--	--	--

№	Дақылдар түрі	Оңтайлы мерзімдері		Ескерту
		басталуы	аяқталуы	
1	Жаздық бидай	15.02.2012	25.03.2012	Тәлімі жер
2	Көкөніс	01.03.2012	20.05.2012	Суармалы жер
3	Мақта	10.04.2012	15.05.2012	Суармалы жер
4	Жүгері	10.04.2012	10.05.2012	Суармалы жер
5	Мақсары	01.03.2012	30.03.2012	Тәлімі жер
6	Жоңышқа	01.03.2012	01.04.2012	Тәлімі және суармалы жер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК